

Егіндікөл ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № а-3/43 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 сәуірде № 4737 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1 тармақшасына сәйкес Егіндікөл аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ұсынылып отырған, Егіндікөл ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.Қ. Жұматоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3.1. Осы қаулы 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ескерту. Қаулы 3.1-тармағымен толықтырылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 05.06.2015 № а-6/104 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Егіндікөл ауданының әкімі

А.Тайжанов

Егіндікөл

ауданы

әкімдігінің

2015

жылғы

«04»

наурыз

№

а - 3 / 43

қаулысымен бекітілген

Егіндікөл ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--	--	--	--

Ауданның атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны				Мектепке дейінгі ұйымдардағы айына қаржыландырудың мөлшері (теңге)			
	Мектеп-бақша		Толық күн тәртібінде жұмыс істейтін шағын орталықтар	Толық емес күн тәртібімен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар	Мектеп-бақша		Толық күн тәртібінде жұмыс істейтін шағын орталықтар	Толық емес күн тәртібімен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар
Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік			Жеке меншік			
Егіндікөл ауданы	25	0	50	40	21476	0	13523	6762

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ананың ақы төлу мөлшері (теңге)			
Мектеп-бақша		Толық күн тәртібінде жұмыс істейтін шағын орталықтар	Толық емес күн тәртібімен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар	Мектеп-бақша		Толық күн тәртібінде жұмыс істейтін шағын орталықтар	Толық емес күн тәртібі мен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар
Мемлекеттік	Жеке меншік			Мемлекеттік	Жеке меншік		
21476	0	13523	6762	5742	0	4500-5000	0